



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 15/41
15 сәуір



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ПАСХА МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Еліміздің православ христиандарын Пасха мерекесімен құттықтаймын! Бұл – мейірімділікті, бейбітшілікті, әділдікті дәріптеп, жұртшылықты қайырымдылық жасауға, жақындарына жанашыр болуға шақыратын мейрам.

Мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуына негіз болып отырған гуманизм, діни төзімділік және тілеуестік сияқты құндылықтарды орнықтыруға Православ қауымы зор үлес қосып келеді.

Қазақстанда заң үстемдігін орнықтыру, азаматтарға тең мүмкіндіктер ұсыну және олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін ауқымды өзгерістер жалғаса береді.

Біз жалпыұлттық бірлікті нығайтып, баға жетпес байлығымыз – этностар мәдениетінің және діни салт-дәстүрдің әралуандығын сақтаймыз.

Пасха мерекесі әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш әкелсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін!



ДОРОГИЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ!

Поздравляю православных Казахстана со Светлым Христовым Воскресением – Пасхой!

Этот праздник олицетворяет торжество добра, мира и справедливости, побуждает людей к милосердию и заботе о ближних.

Православие вносит весомый вклад в продвижение основополагающих ценностей гуманизма, веротерпимости и солидарности, которые лежат в основе гармоничного развития государства и общества.

Наша страна твердо следует по пути масштабных преобразований, главной целью которых является верховенство закона, создание равных возможностей для граждан, защита их прав и свобод.

Последовательно укрепляя общенациональное единство, мы формируем условия для сохранения нашего бесценного богатства – многообразия этнических культур и религиозных традиций.

Пусть праздник Пасхи наполнит сердца верующих теплом и радостью!

Желаю всем гражданам здоровья, счастья и успехов в созидательных начинаниях!

КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСТА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕ



Осы жылғы сәуір айының 13-жұлдызында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметі есебінде тұрған азаматтарды бейімдеу бойынша консультативті-кеңесші органның 1 тоқсаны бойынша кезекті отырысы болды. Отырыс консультативті-кеңесші органның төрағасы, қала әкімінің орынбасары С.Бейсекеев, қала прокуроры А.Досмаков, сот орындаушы Р.Наурызбаев, комиссия мүшелері және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметі есебіндегі азаматтардың қатысуымен өткізілді.

Аталған отырыста 5 сұрақ қарастырылды. Ағымдағы жылдың 1 тоқсаны бойынша комиссияның атқарылған жұмысы туралы Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ұ.Алмас, бас бостандығынан айыру орындарынан келген ҚР ҚК-нің 73 бабы, яғни жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрі – бас бостандығын шектеу жазасына ауыстырылған азаматтар арасында құқық бұзушылықтар-

дың алдын алу шаралары бойынша Приозерск қалалық пробация қызметінің аға инспекторы Б.Талапбаев және бас бостандығынан айыру орындарынан келген және пробация қызметі есебіндегі азаматтарды спорттық іс-шараларға тарту бойынша Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Н.А.Стамқұл есепті баяндама жасады.

Отырыс соңында қатысушылар тарапынан жұмыспен қамту, тұрғын үй мәселесі, құқықтық-әлеуметтік көмек және несие бойынша қарыз берешегін өтеу бойынша сұрақтар қойылып, комиссия мүшелері және сот орындаушы тарапынан аталған сұрақтарға толыққанды жауаптар берілді. Сонымен қатар, қала әкімінің орынбасары мен қала прокуроры тарапынан ұсыныстар мен тапсырмалар беріліп, алдағы уақытта күн тәртібіне енгізіліп, бақылауға алынатын болады.

**Приозерск қаласының
жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІ С.Қ. САТАЕВТЫҢ
2023 ЖЫЛДЫҢ 31 НАУРЫЗЫНДАҒЫ ҚАЛА
ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ
БАРЫСЫНДА АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІН
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

№	Айтылған ескертулер / ұсыныстар (автор, мекен-жай)	Орындалуын іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы	Қала әкімінің бақылаушы орынбасары
1	Курбанбаева Р.Б., Ардагерлер кеңесінің мүшесі (залдан түскен сұрақ) Зейнеткерлерді мәдени-демалыс жұмыстарына тарту туралы	1. «Ұзақ өмір сүру» орталығын ашуды ұйымдастырсын. 2. Азаматша Р.Б. Құрбанбаеваны «Ұзақ өмір сүру» орталығының жұмысына тартуды ұйымдастырсын.	Мамыр 2023 ж.	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Ұ.А. Алмас	С.Ж. Бейскеев
2	Алдажарова Г. (залдан түскен сұрақ) Дружба народов 2, Космонавтов 9/1, 9/2 көшелеріндегі ағаштарды кесу туралы	Ағаштарды кесу бойынша мердігерлік ұйымның тізіміне қосуды ұйымдастырсын.	Сәуір-мамыр 2023ж.	ТҮКШ, ЖК, АЖ бөлімі Е.Б. Жаманбаев Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі Б.А. Такенов «Приозерск Жилсервис» ЖШС директоры А.В. Мосиенко Мәдени демалыс орталығы М.А. Сулейменов	Д.Ш. Саденов

**ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ
ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И
ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ Г. ПРИОЗЕРСК,
ВЫСКАЗАННЫХ В ХОДЕ ВСТРЕЧИ С НАСЕЛЕНИЕМ
АКИМА САТАЕВА С.К. 31 МАРТА 2023 ГОДА**

№	Высказанные замечания/предложения (автор, адрес)	Мероприятия по реализации исполнения	Сроки исполнения	Ответственный исполнитель	Контролирующий заместитель акима города
1	Курбанбаева Р.Б., член совета Ветеранов (вопрос из зала) О привлечении пенсионеров в культурно-досуговую работу	1. Открыть центр «Долголетия» 2. Привлечь гр. Курбанбаеву Р.Б. к работе центра «Долголетия»	Май 2023 г.	Руководитель отдела занятости и социальных программ Алмас У.А.	Бейскеев С.Ж.
2	Алдажарова Г. (вопрос из зала) По обрезке деревьев по ул. Дружба народов 2, Космонавтов 9/1, 9/2	Добавить в список подрядной организации по обрезке деревьев	Апрель-май 2023 г.	Руководитель отдела ЖКХ, ПТ, АД и ЖИ Жаманбаев Е.Б. Руководитель отдела жилищных отношений и жилищной инспекции Такенов Б.А. Директор ТОО «Приозерск Жилсервис» Мосиенко А.В. Директор КДЦ Сулейменов М.А.	Саденов Д.Ш.



Приозерск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 22/228 «Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Приозерск қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 22/228 «Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4944 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін: кіріспе жаңа редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қалалық

мәслихат төрағасы

А. Исатаев

Приозерск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 39/389 «Приозерск қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Приозерск қалалық мәслихат ШЕШТІ:

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 39/389 «Приозерск қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5921 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін: атауы мынадай редакцияда жазылсын: «Приозерск қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы»; кіріспе жаңа редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**»

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Приозерск қалалық

мәслихат төрағасы

А. Исатаев

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының қалалық сайлау комиссияларының құрамына өзгеріс енгізу туралы ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихаты қалалық сайлау комиссиясында бос орын қалыптасқаны туралы хабарлайды. Қалалық сайлау комиссиялары жеті мүшеден тұратын құрамда құрылады. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табымайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары **2023 жылғы 15 сәуірден бастап 29 сәуірді қоса алғанда** мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады: 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер; 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме; 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі; 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері. Сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған. Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс. Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс. Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апасы-інілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындалушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындалушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау **2023 жылғы 15 сәуірден бастап 29 сәуірді қоса алғанда** дүйсенбі - жұма күндері 09:00-18:30 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

Приозерск қалалық мәслихаты

Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы - қалалық мәслихаттың төрағасы. Мәслихаттың орналасқан жері: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй. Жауапты адам - Шұға Бексейтқызы Мақышева - қалалық мәслихат аппаратының басшысы, Меруерт Ерланқызы Есімбек - қалалық мәслихат аппаратының бюджет мәселесі бойынша бөлім басшысы, қалааралық телефон коды (8 71039), жұмыс тел. 5-44-21, 5-33-16, 2 қабат.

Қалалық мәслихат қалалық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлайды:

№ р/б	Сайлау округі мен учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
Қалалық сайлау комиссиясы			
1		Приозерск к, Пушкин көшесі, 7 үй, «Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты	1

Приозерск қалалық мәслихаты

О внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 23 августа 2018 года № 22/228 «Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по городу Приозерск»

Приозерский маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Приозерского городского маслихата от 23 августа 2018 года № 22/228 «Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по городу Приозерск» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 4944) следующие изменения: преамбулу изложить в следующей редакции: «В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», городской маслихат **РЕШИЛ:**».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Приозерского

городского маслихата

А.Исатаев

О внесении изменений решение Приозерского городского маслихата от 24 июня 2020 года № 39/389 «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов по городу Приозерск»

Приозерский маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Приозерского городского маслихата от 24 июня 2020 года № 39/389 «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз и захоронение твердых бытовых отходов по городу Приозерск» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 5921) следующие изменения: наименование изложить в следующей редакции: Об утверждении тарифов для населения на сбор, транспортировку, сортировку и захоронение твердых бытовых отходов по городу Приозерск преамбулу изложить в следующей редакции: «В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Приозерский городской маслихат **РЕШИЛ:**».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Приозерского

городского маслихата

А.Исатаев

СООБЩЕНИЕ

Приозерского городского маслихата Карагандинской области об изменении состава городской избирательной комиссии

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает о вакантном месте в городской избирательной комиссии.

Городская избирательная комиссия образуются в составе семи членов. Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемому, избирательные комиссии с **15 апреля по 29 апреля 2023 года** представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется с **15 апреля по 29 апреля 2023 года** с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

Приозерский городской маслихат

Исатаев Алтай Насипбекович – председатель городского маслихата. Местонахождение маслихата: город Приозерск, ул. Балхаш, дом 5. Ответственное лицо – Макишева Шуга Бексеитовна - руководитель аппарата городского маслихата, Есімбек Меруерт Ерланқызы - руководитель отдела по вопросам бюджета аппарата городского маслихата, междугородный телефонный код (8 71039), сл. тел. 5-44-21, 5-33-16, 2 этаж.

Городской маслихат избирает членов городской избирательной комиссии:

№ п/п	Номерь избирательного округа и участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
Городская избирательная комиссия			
1		г.Приозерск, ул. Пушкина, дом 7, здание ГУ «Аппарат акима города Приозерск»	1

Приозерский городской маслихат

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБИ

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі.

Мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, әдептілігі өте маңызды.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Олардың жұмысы, іс – әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда, халықтың назарында.

Сол себепті, мемлекеттік органдарға қоғам тарапынан сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі қабылданды.

Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызметші барынша сыпайы, адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуы қажет, сондай-ақ шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс – әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Еліне қызмет етуші маман өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға міндетті, Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі – мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап қойылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен әдебі-

не сырт келбеті де сай болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылданған моральдық – әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуі тиіс.

Ал бұл талаптардың сақталуын қарайтын институт – Әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

Кеңес отырыстарында мемлекеттік қызмет заңнамалары мен Әдеп кодексі сақтау, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Сондықтан мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатындығын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық – әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қоятындығын есте сақтауы қажет.

Себебі қоғам, мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал қызмет етеді деп сенеді.

*Мұстафина Рабига Құсайынқызы,
Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі,
Қарағанды облыстық
прокуратурасының ардагерлер
ұйымының төрағасы*

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – АДАЛ ЕҢБЕК

Мемлекеттік қызмет... Былайша қарапайым болып көрінетін сөздің жауапкершілігі мен атқаратын қызметі өте қомақты болып келеді. «Халықтың қарғысын алма, алғысын ал» деген сөз бар қазақта. Мемлекеттік қызметтің басты қағидасы халыққа адал қызмет көрсету болып табылады. Аталмыш салада қызмет етіп жүрген әрбір тұлға еліміздің мүддесі үшін адал еңбектің маңыздылығын ескеріп, сезінуі қажет. Сол сияқты, мемлекеттік қызметкер өз елінің ұлтжанды, жанашыр азаматы болғаны маңызды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен атқару барысында заңдылық, патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің бір тұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығы жоғары болуы шарт. Дәл осы сәтте аталмыш жұмысқа деген жауапкершілік көрінеді. Осы орайда, мен мемлекеттік қызметкер көзімен емес, қарапайым халық көзімен талдасам, дәлірек айтқанда, мысал келтіре кетсем...

Елімізде мемлекеттік қызметті атқарушылар қай салада болмасын жауапкершілігі мол, тұлғасы кемелденген мамандар екендігін білеміз. Үнемі тиянақты еңбек пен ыждағаттылықтың бейнесін танытатын мамандар өз ісінің көркем үлгісін танытатындай деп айтсам артық емес.

Біз «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары және мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрыстарының қалыпта-

ры регламенттелген мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі бар. Істің басы-қасында жүрген әрбір тұлға сондағы талаптарды ұстанса, еліміздің іргесі биік болады. Мемлекеттік қызметшіге қойылар талап қатаң, оған сыншы да мол. Әдепті, сабырлы да шыншыл, әрі ұлтжанды қасиеттері мол азаматтардың мемлекеттік қызметті адал атқаруы еліміздің өркендеуіне зор үлес қосады, халық арасында мемлекеттік қызметшінің беделі нығайып, оған деген халықтың сенімі артады. Әкімшілікте жұмыс жасайтындар ғана мемлекеттік қызметші деген түсінік болмауы керек... Дәрігер, мұғалім, тіпті еден жуушы болсын, халықпен бірге жүргендіктен әрқайсымыз жұмысымызға адал болсақ, оны тұтынушы қарапайым халық бақытты. Бірақ осылардың ішінде «мемлекеттік қызметші бір саты жоғары» болулары керек. Себебі олар қоғамдық пікірді есепке алады және қоғамның басты өндіруші күші. Жұрт оларға сенім артады. Ал сол сенімді ақтау үшін, мемлекет қызметші тыңдай және сөйлей білуі қажет және ең бастысы адал болуы керек. Сонда ғана Қазақстан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуында нақты бір жетістікке жетеді. Мәртебесі артып, халқы биік белестерді бағындырады. Әрбір жетістікке жеткен жеке тұлғаның артында мықты мемлекет болатынын естен шығармасақ екен.

*Мемлекеттік қызмет істері
Агенттігінің
Қарағанды облысындағы Әдеп
жөніндегі кеңестің мүшесі
А.Т.Асқаров*

«ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІСІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫ



2023 жылғы 15 сәуірде «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсы басталады.

Конкурсқа қатысуға кемінде үш жыл мінсіз мемлекеттік қызмет өтілі бар «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері жіберіледі. Конкурсқа мемлекеттік қызметші мемлекеттік орган басшысының ұсынуы бойынша қатыса алады.

I кезең – өңірлік (облыстық) деңгей. Бірінші кезеңге қатысушыларды іріктеуді өңірлік конкурстық комиссия жүргізеді. Өңірлік конкурстық комиссия Агенттіктің аумақтық департаменттері жанынан құрылады. Комиссия құрамы қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ, мемлекеттік органдардың басшыларынан және басқа да тұлғалардың өкілдерін қамтиды. Құжаттар 2023 жылғы 15-30 сәуір аралығында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттерінің электрондық пошталары арқылы қабылданады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы мемлекеттік органның ұсынымы;
- 2) конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі.

II кезең – республикалық деңгей.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Қазақ тілі – болашақта барша халықтың еркін сөйлей алатын тіліне айналуы тиіс. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйренуі үшін мүмкіндіктер жеткілікті. Сонымен қатар, ана тілін білмей, өзге тілде сөйлейтін қандастарымызға ойлантын уақыт жетті. Біздің болашағымыз ө жастар. Жастар бала-бақша мен мектептерден бастау алады. Оларды ана тілінде сөйлеуге баулу біздің міндетіміз. Биыл тәуелсіздік алып егеменді ел болғанымызға отызбір жылдан асты. Осы уақытта Қазақстан халқының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жол ашты.

Қызметтік ақпаратты мемлекеттік тілде алу халыққа заңды жасалаған үлкен қолдау деп бағалауға болады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың жүйесі мен ме-

Екінші кезеңде республикалық комиссия қатысушылардың презентациясын тыңдау мақсатында 2023 жылғы 2 маусымға дейін кандидаттармен әңгімелесу өткізеді. Презентация қорытындылары бойынша республикалық комиссия онлайн дауыс беруге жолдау үшін үздік ұсыныстарды іріктейді.

Онлайн дауыс беру Агенттіктің әлеуметтік желілердегі парақшаларында жүргізіледі және оған республиканың барлық азаматтары қатыса алады.

Республикалық комиссияның қорытынды отырысында конкурс жеңімпаздары айқындалатын конкурс нәтижелері туралы шешім қабылданады.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі «23 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметші күні» мерекесіне орай ұйымдастырылады.

Толық ақпарат Агенттіктің ресми сайтында орналастырылған арнайы Әдістемелік ұсынымда көрсетілген.

*ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қарағанды бойынша
департаментінің байланыс
телефоны: 8 (7212) 50-40-23.*

*Приозерск қалалық сотының
жетекші маманы
Жакупова Э.А.*

БАЛАБАҚШАДАҒЫ СЕМИНАР-ПРАКТИКУМ



Приозерск қаласы «Балақай» бөбекжайы Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынында «Жас педагогтарға «Мектепке дейінгі балалардың танымдық-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру үшін өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясын қолдану» атты тақырыптағы семинар-практикум Қарағанды облысының «ӨР-КЕН» мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогтарының қауымдастығының қолдауы және мамандардың кәсіби дағдыларын арттыру және жас педагог мәртебесін көтеру мақсатында 2023-жылғы 10-сәуір күні болып өтті. Аталған маңызды шараға қалаға жақын орналасқан Балқаш қаласынан, Ақтоғай, Шет аудандарынан, Ағадыр және Сарышаған кенттерінен, сонымен қатар қаламыздағы балабақшалар мен мектептердегі бастауыш сыныптарда дәріс беретін 30-дан астам жас педагогтары және баспасөз өкілдері қатысты. Шараны «Балақай» балабақшасының әдіскерлері Г.И.Исиркова ашты.



Бұл семинар-ақпарат алмасу және практикалық жұмыстың үздік нәтижелері үшін мүмкіндік. Семинарды өткізу нысаны – шебер сынып, оның барысында жас мамандар бірлесіп тиімді жұмыс істеуге, командада өзара іс-қимыл жасауға үйренді. Негізгі бөлімде семинарға қатысушылар өз тәжірибелерін ұсынуға мүмкіндік алды, ал жас мамандар тақырыптар бойынша өздерінің кәсіби жүктерін толықтыруға мүмкіндік алды. Семинар барысында:

«Индукция»;
«Ертегі желісі жаңа форматта»;
«Робинзон Крузо» әдісі;
«Жүйелік оператор»;
«Кішкентай адам» әдісі;
Арт терапия «Өзінді табу»;
«Екі жұлдыз, бір тілек» тақырыптары бойынша шебер сыныптар көрсетілді. Семинарда шығармашылық

алаңында «Индукция» - тақырыбы бойынша балалармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастырылған іс-әрекетте белсенді қолдану құралы көрсетілді. «Ертегі желісі жаңа форматта – кіші мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет туындыларымен таныстырылды. «Робинзон Крузо» әдісі бойынша балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және қиял ғажайып әлеміне ену арқылы өз ойларын еркін айтып, шығармашылық танымдылық қабілеттерін дамыту барысын ұсынды. «Жүйелік оператор» әдісі арқылы «Сиқырлы экран» көмегімен балалардың жылдам ойлап, танымдылық белсенділіктерін арттыру бойынша өз жұмыстарымен бөлісті. «Кішкентай адам» әдісінде микро деңгейде болатын физикалық процестер мен құбылыстарды жақсы түсінуге мүмкіндік берді. Арт терапия «Өзінді табу» тақырыбында криотехнологиясын қолдану барысында балалармен жұмыс жасаудағы тиімді іс-тәжірибесімен бөлісті. «Екі жұлдыз, бір тілек»

рефлексия орындау және психологиялық тренингтен өту барысында семинарға қатысушы педагогтарға тілек айтылуы ұсынылды. Жас педагогтар алған білімдерін практикада қолдана алады және педагогикалық қызметке жұмыстың жаңа түрлерін енгізе алады. Тындалған және пысықталған материалдардың нәтижелері бойынша алынған тәжірибенің практикалық маңыздылығы, оның өзектілігі, алған білімдерін кәсіби қызметте пайдалануға дайындығы туралы көптеген оң пікірлер айтылды. Сондай-ақ, аталған семинардан қанағаттанудың жоғары дәрежесі атап өтілді, мамандардың әдістемелік белсенділігінің жоғары деңгейін көрсетті, кәсіпқойлықтың дамуына, жұмыс тәжірибесін көрсету мүмкіндігіне ықпал етті.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ – ӨЗЕКТІ МӘЛЕЛЕ

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – БАРШАҒА ОРТАҚ!



Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі. Сол себепті қазіргі таңда түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі және кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары.

бірі. Кәсіптік бағдар беру жұмысы бүгінгі таңда ең көп талқыланатын тақырып және жиі көтерілетін өзекті сұрақтардың қатарында. Жуықта осындай мақсатпен қаламыздағы № 2 мектептің кәсіби бағыт-бағдар беруші мұғалімі Эльмира Сайлауовна Надированың ұйымдастыруымен танымал ақын, байырғы журналист, ҚР журналистер Одағының және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегімен мектептегі 9, 10 және 11-сыныптар оқушыларының қатысуымен кездесу өткізілді. Кездесу пікірлесу, сауал-жауап түрінде жүрді. Н.Қыдырмұратұлы ұзақ жылдық тәжірибесімен бөлісіп, өмірде көрген-білгендерін ортаға салып, арасында оқушыларға сұрақтар беріп отырды. Қиын болса да, қызықты сауалдарға оқушылар жауап беруге тырысты. Өскелең ұрпақтың өз мамандығын, кәсібін таңдауда мұндай кездесулер мен сұқбат-әңгімелер қажет-ақ. Алдағы уақытта басқа да мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастырылып отырғаны аса маңызды және пайдалы болады деп ойлаймыз. Бүгінгі таңдағы осынау өзекті мәселеден өзге мектептер де қалыс



Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың

қалмай, ұрпақтар сабақтастығына көңіл бөледі деп үміттенеміз. Себебі, ұрпақ тәрбиесі баршамызға ортақ іс екенін естен шығармайық!

Махамбет ИСАТАЙ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА

БАБАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ

Тауелібай өлкесі – Қызылорданың оңтүстігінде, Түркістан облысының батысында, «Жібек жолының» бойында орналасқан, шығысы Қызылқұм, оңтүстік батысы тегістік және таулы болып келетін аймақ. Осы өлкені ежелден қоныстанған, негізінен кіші жүздің ұрпақтарынан құралған жұртты жерінің шұрайына, малының көптігіне, елінің байлығына, таулы-далалы, шөбінің шүйгіндігіне қарай «Тауелібай» жұрты деп атаған көрінеді. Бұл өңірден би де, шешен де, батыр да, балуан мен әнші-жыршы да көптеп шығып, тарихта есімдері алтын әріппен жазылып қалған. Осы мақаламызда біз оқырманға тауелібайлық Қарадос және Қарақалпақ елінен Маман би арасындағы өрбіген әңгіме жайын баяндамақпыз...

Ертеде тау елін жайлаған Шөмекей елі жұтқа ұшырап, қатты күйзеліпті. Елдің жағдайын көріп қиналған Қарадос шешен көршілес қарақалпақ елінің биі Маманға барып, бидай сұрамақ болып жолға шығады. Бұлар келгенде Маман би ауыл ақсақалдарымен бірге төбе басында әңгімелесіп отыр екен. Қарадос Маман бимен қол алысып амандасып, шетке отырады. Маман бидің қонақтармен жұмысы болмай, әңгімесін айта отырып, арасында жігіттеріне дауыстап қояды. Сусын көтеріп екі жігіт келеді. Жігіттің бірі сусынды Қарадосқа ұсына бергенде: «Тарт сусыныңды, біз шөлдеп келгеніміз жоқ, қона жатып сөйлескелі келдік. Қонақ күте білетін ел деп келдік. Ағаңның үйі – ақ жайлау, жеңгенің үйі – жаз жайлау, өз үйіміз деп, басып ішеміз бе десек, төбенің басына тасып ішетін болдық па?» - деп Қарадос Маман биге қарайды. Сөзден тосылған Маман би қонақтарды үйіне шақырады. Үйге келген соң: «Ақсақал, өзіңіз қарттықпен қалайсыз?» - дейді Қарадос үйге кіріп-шығып жүрген жас әйелді аңғарып қалып. «Әй, бала, бұл не дегенің? Жақсының жасын сұраушы ма еді, тұлпардың аузын ашып тісін көруші ме еді», - деп Маман би сөзін жалғастырады. «Қырықта осы елдің қырғиы едім, елуде ел перісі болдым, алпыста бөрісі болдым, жетпісте жел перісімін, сексенде серісімін, тоқсанда торғайдай шырылдаймын, жүзде де алғанымның көңілін қалдырмайын», - дейді. Сонда Қарадос күліп: «Бұл халықтан шыққан мақал емес қой. Жас жеңгейдің көңілін жықпай айттыңыз-ау. Болмаса қырық – қылау, елу – ер жігітке бел емес пе? Жетпісте отыз омыртқа бүгілмей ме? Сексен – сергелден, тоқсан – жоқ сан емес пе? Жүзге ешкім келмейді, қарға қонбай ма басыңа?» - дейді. «Өзіңдей ініге олжа салып едім. Жұдырықтай қара бала, өкшелеп ізімнен қалмадың ғой. Тарпын ба, қарпын ба?» - дейді Маман би ашуланып. «Ақсақал, бұл айтып отырғаныңыз түйенің әдісі ғой. Мен адамның әдісінен жығылып көрген жан емеспін. Тарпысаң тақырға өскен темір тікенмін, табаныңа кіріп, аяғыңды ақсатармын, қарпысаң улы шөппін, басыңды қасатармын», - деп жауап береді Қарадос. «Үш жүзді туғанда анасы үш түрлі нәрсеге жерік болған екен. Ұлы жүзді көтергенде малға жерік болыпты. Орта жүзді көтергенде балға жерік болыпты, Кіші жүзді көтергенде, бөрінің бауырына жерік болыпты. Сен бала, бастан аяқ сөздің найзасын түйреп айтасың ғой», - депті Маман би жас қонағы-

на назар аударып. Сонда әзір отырған Қарадос: «Әкем ақылды кісі еді. «Елді есі кеткен жамандайды», «Жүзден жүзді кеміткеннің жүзі қара» дейтін. Жүздің қара би екенсің. Аузы үлкен, қарны үлкен қой семірсе көтерер, қарны кіші, аузы үлкен ит семірсе құтырар. Саған сөздің майдасын беріп, маған найзасын берсе, амал қанша, түйрейін бе отырған жерінде?!» - дейді. Сөзден тосылған Маман би айыбын жуып-шаймақ болып: «Жақсы көрген кісіңнің жұмысын келгеннен сұра, кеткенше бітір. Жек көрген кісінің жұмысын кетерде сұра, бітсе кетер, бітпесе нетер» деген. Мен сені тәуір көріп қалдым. Жұмысың болса айта отыр», - дейді. «Бөтен жұмыс жоқ, кеусен сұрай жүр едік», - дейді Қарадос. Сол жолы Маман би Қарадостың жетегіндегі нарларға астық артып жөнелткен екен.

Келер жылы Маман би бидайдың бодауына киіз алмақ болып, Қарадостың ауылына барады. Үйге кіріп, амандық-саулық сұрасқан соң: «Ал, шырағым Қарадос, отыңның басын көріп, бала-шағаның жағдайын білейін деп келіп едім, сонымен бірге көрген түсім бар еді. Түсіңді жақсы көрген адамыңа жорыт немесе ғалымға жорыт деген. Мен түсімді өзіңе жорытқалы келдім. Сексен бес үйім бар екен, сексен басына қарлығаш ұялаған екен. Көзімді ашсам сексен қарлығаштан бір қарлығаш та қалмапты», - дейді Маман. Сонда Қарадос: «Бұл түсіңіз бардың жоритын түсі екен. Мен өзім қонақасы беруге жарағанмен, мұндай түсті жоруға шамам келмейді. Сансызбайға жорытыңыз», - дейді. Қошқарлы руынан шыққан Сансызбай әрі бай, әрі сақы болған екен. Қарадос Маман биді ертіп Сансызбайдың ауылына келеді. Сансызбайға Маман бидің түсін айтып береді. Сонда Сансызбай езу тартып күліп: «Бұл келініңіз Айымның жоритын түсі екен», - деп шай құйып отырған әйелі Айымға қарап: «Қайнағанның түсін кеткенінше жорып қой», - дейді. Маман би қона жатып қонақасын жеп, енді аттанарда Айым: «Қайнағанның сексен бес үйі тозып, сексен қарлығаш ұяласа, бір қарлығаш тұрмайтын болған ғой. Бір сары атанға он сегіз өре киіз артып қойдым. Ала кетіңіз», - депті.

Маман би серіктерін ертіп қыр асқан соң қасындағы қосшысына: «Түсті келінің өзі жорыды ма? Болмаса Сансызбай айтып жорытты ма? Сынай кетейік. Сен барып келіңге сәлем айт. Орамалы ақ екен, дастарқаны қоңыр екен де. Осыған қайтарған жауабынан өзі жорыған-жорымағанын білеміз», - депті. Сонда Айым Маман бидің қосшысына: «Қайнағаға сіз де сәлем айтыңыз. «Орамалым ақ болса, тазалығым шығар, дастарқаным қоңыр болса, мырзалығым шығар», - депті. Маман би қосшысын қайта жіберіп: «Келіңге сәлем айт, келер көктемде адам жіберсін. Келген қонағына сусын болатын жиырма қашар айдатамын», - депті. Осы оқиғаға орай Бөрі тау еліндегі қазақтардың сиырларының тұқымы сол Маман бидің Сансызбайға берген сиырларынан тарады деген сөз бар. Сөз қадірін түсінген, сөзге тоқтаған, бірін-бірі астарлы сөзінен тани білген данағой бабаларымыздың сөздері ұрпаққа үлгі-өнеге, сабақ болса игі!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ТУҒАН ТІЛІМ – ҚАЗЫНАМ!

Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз.

«Тіл туралы» заңдағы «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы», - деген. Әрине ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп анық жазған, Ата Заңымыздан туындаған «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік қамтылған. Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарда жүйелі түрде жүзеге асыру. «Тіл – біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Егеменді ел болып, ес жиып, етек жия бастаған бұл күндері осындай ойға қонбайтын, солақай сорақыларды көзбен көріп, қолмен ұстай отырып қазақ тілі мәселесі жөнінде толғанбай тұра алмаймыз.

Тіл – таусылмайтын қазына-байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Қазақ тілі өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Амал не, осындай әдемі туған тіліміз бола тұра өзге тілде сөйлейтіндер де көп болды. Өкінішке қарай, өзге тілде сайрап жүрген рухы төмен адамдар әлі де баршылық екенін байқап жүрміз. Тіпті туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар. Төл тілде сөйлеуден безу – ақ сүт беріп, асы-

раған анадан ұмытумен бердей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік», - деп, ашына айтқаны ойға келеді. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де болашағынан да қол үзеді. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттың мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталуы тиіс. Айналанды танып білу, туған тілінді білуден басталады. Ана тілді қадірлеп ұстайтын ұлттың болашағы жарқын. Себебі, тіл қай елде, жерде болмасын ең қасиетті де қастерлі. Тіл – әрбір тәуелсіз елдің мақтанышы, абыройы. Ол атадан балаға сақталатын киелі мұра. Тіл – баға жетпес қазына. Демек, әр ұлт, әр азамат өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауы тиіс деп білемін.

Менің тілім – қазақ тілі. Мен оның шұбарлануына, аяққа тапталуына әрдайым қасқая қарсы тұруға қауқарлымын. Қазақ тілім байлығым, рухани жан дүниемнің айнасы, Отанымыздың өсіп-өнуіне бірден-бір септігін тигізер мәңгілік мұра. Еліміздің болашағы – оның ана тілі. Ол әрдайым бізбен өмір сүрері әсте белгілі. Тіл біздің бақытымыз болса, тілдің бақыты оның болашағының жарқын болуы, ұлтының оны қадір тұта білуі деп білуге тиіспіз «Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, өзін еліміздің патриотымы деп санаған азаматтың жүрегі қашанда тілі, діні үшін соғуы тиіс. Себебі, қазақ тілі – Республикамыздың мемлекеттік тілі. Елімізде жүргізілетін іс-шаралар, құжаттар, қағаздар міндетті түрде мемлекеттік тілде болуы қажет. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпақ пен көбейетіні бесенеден белгілі. Біздің мақсатымыз әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің қатарында болу. Бұл көздеген мұратқа жету үшін, сауатты ұл мен қыз тәрбиелеу қажет. Ол дегеніміз, өз ана тілінде, яғни қазақ тілінде еркін сөйлеп, оны тереңінен меңгере білген ұл мен қыз. Әрбір адам өз ана тілінде сөйлеуге міндетті. Мен Отанымды, Тәуелсіз Қазақстанымды, қасиетті де қастерлі мекенімді, байлыққа, қазынаға толы жерімді, ең бастысы болашағы айқын, келешегі жарқын қазақ тілімді мақтан етемін. Жүрегі ұлттық, елім, жерім, ұлттық құндылығым деп оққан әрбір қазақты осы мақсатымызды қолдауға шақырамын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер Одағының мүшесі.



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ

"QORJYNTÜBEK JARŞYSY" "БІЛІМГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛСІН!"

15.04.23 Ж.



Кез келген егеменді елдің ерекше мән беретін бағыты – білім саласы. Себебі аяғына енді ғана тұрған ел мықты мамандарды қажет ететіні белгілі. Одан бөлек, мемлекеттің бүгін мен ертеңі білімді ұрпаққа тікелей байланысты. Артымызда қалған 30 жыл ішінде Қазақстанның білім саласында неше түрлі реформалар жүргізілгенін көрдік, бақыладық. Дегенмен дйттеген межеге әлі жете алмай отырмыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформалары мен Жолдауларында білім саласына айрықша назар аударып, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындауға басымдық беріп келеді. «Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті. Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз. Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс. Бұл ретте, ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді», – деген болатын Президент.

Мемлекет басшысының «педагогтардың жағдайы жақсартылмаса салада оң өзгерістер бола қоймайды» деген пікірі орынды. Заман қарыштап дамып, озық технологиялар қолданысқа енгізіле бастаса да оқушының сапалы білім алуы үшін мұғалімдердің маңызы ерекше. «Мектептің жаны – мұғалім» деп тегін айтылмаса керек. Бұл тұрғыда, оқушыларымыздың озат болуына, жаһандану заманына сай ұрпақ тәрбиелеуге жауапты білім саласы қызметкерлерін қолдауға қатысты шаралары үздіксіз жүргізіле беруі тиіс. Білім сапасына әсер ететін бір фактор – педагогтардың мәртебесі мен кәсіби шеберлігі... Мұғалімдерді қоғамда өте танымал адам ету, сыйлы ету керек. Білім – барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады.

Н.ЖАРМАҒАМБЕТ

РЕФОРМА - ӘРЕКЕТТЕ! МЕНИҢ АЙДАРЫМ

"QORJYNTÜBEK JARŞYSY" "РЕФОРМАДАҒЫ ОҢ НӘТИЖЕЛЕР"

15.04.23 Ж.



Мемлекет басшысының биылғы саяси реформалары негізінен суперпрезиденттік жүйеден бас тартуға арналған бастамалардан тұрды. Атап айтқанда президенттің партияға мүше болуына заң жүзінде тыйым салу, орталық сайлау комиссиясы төрағасы мен мүшелері, есеп комитеті, конституциялық кеңес мүшелерін партия құрамынан шығару, әкімдерге партия филиалдарын басқаруға тыйым салу, президенттің жақын туыстарына саяси лауазымдар мен квазимемлекеттік құрылымдарды басқаруға тыйым салу, мәжілістің 70 пайызын пропорционалдық (партиялық тізім), 30 пайызын мажоритарлық жүйе (өзін-өзі ұсыну) бойынша жасақтау сияқты мәселелер көтерілді. Аталған оңды жүйенің биылғы 19-наурызда өткен Парламент Мәжілісінің және жергілікті мәслихаттар сайлауында қолданылғанына куә болдық.

Президент тапсырмасын жүзеге асыру аясында жалпыхалықтық референдум өтіп, оның қорытындысы бойынша Конституциясының 33-бабына 56 өзгеріс енгізу мақұлданды. Бүгінде аз ғана уақыт аралығында сол бастамалардың оң нәтижелерін көріп отырмыз. Әрине, «Жаңа Қазақстанды» құру бір күннің ісі емес. Өйткені 30 жыл бойы ескі жүйе тамырын тереңге жайды. Оны өзгерту үшін қоғамның санасына әсер ету керек, заңның үстемдігін сақтап, жемқорлық сияқты жегі құрттан арылуымыз шарт. Баршаңызды осы істердің оң нәтиже беруіне атсалысуға шақырамын.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

РЕФОРМА - ӘРЕКЕТТЕ! МЕНИҢ АЙДАРЫМ

«ЧЕТВЕРТАЯ ПРОМЫШЛЕННАЯ»,
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»
ОТ 13.04.23



Сегодня уже трудно представить работу эффективного производства без современных информационных технологий. Их внедрение имеет важное значение для развития экономики – не только нашего региона, но и страны в целом. Обусловлено оно переходом предприятий к «Индустрии 4.0». Это позволит им выйти на новый технологический уровень и, как следствие, занять свое место в глобальной рыночной системе. В Карагандинской области большинство предприятий уже имеют современное технологическое оборудование, автоматизированные или полуавтоматизированные технологические линии, продолжают и дальше внедрять новые цифровые технологии. Так, ТОО «Бемер Арматура» внедрило программное обеспечение удаленного управления и обслуживания оборудования завода, а на «Карагандинском фармацевтическом комплексе» установлена автоматизированная система управления технологическими процессами.

«НА ЗЕРНОВЫЕ СПРОС РАСТЕТ»,
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»
ОТ 13.04.23



Казахстанская пшеница ценится за рубежом, о чем свидетельствует возросший экспорт продукции. При этом в натуральном выражении рост составил 10%, а в денежном – сразу 34%. По информации управления сельского хозяйства Карагандинской области, в прошлом году было убрано и обмолочено 919,5 тысячи гектаров зерновых. Примечательно, что даже при неблагоприятных погодных условиях благодаря интенсивным технологиям собран хороший, качественный урожай зерновых культур. «Намолочено более 886 тыс. тонн высококачественного зерна, из которых более 600 тыс. – пшеница 1-го и 2-го класса. Расширена на 100 тыс. гектаров и площадь внесения минеральных удобрений, а их удельный вес поднялся с 30% до 42% от всей посевной площади. Увеличилась с 92% до 94% и доля применения высокорепродуктивных семян сельскохозяйственных культур. Также одним из важных вопросов дальнейшего развития сельского хозяйства является экспорт продукции. В 2022 году экспортировано 159 тысяч тонн сельскохозяйственной продукции. Основная доля приходится на муку пшеничную, маргарин, пшеницу и меслин, макаронные изделия, яйцо», – сообщили в управлении.

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ ЖАҚСАРАДЫ: ҮКІМЕТ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН БЕКІТТІ

І КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



ТАБЫСЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІНЕН АЗ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ҮЛЕСІ 5,8%-ҒА ДЕЙІН АЗАЙМАҚ



АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ 4,2%-ҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕЙДІ



АУЫЛДАР СУМЕН 100% ҚАМТЫЛАДЫ



ИНТЕРНЕТПЕН ҚАМТУ ДЕҢГЕЙІ 97% БОЛМАҚ



НОРМАТИВТІК ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ 95%-ҒА ЖЕТКІЗІЛМЕК



655 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНЫ, 183 МЕКТЕП ЖӘНЕ 100 СПОРТ ҒИМАРАТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ



650 МӘДЕНИЕТ НЫСАНЫ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

PRIMEMINISTER.KZ

Мемлекет басшысының жарлығын іске асыру үшін Үкімет Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды.

Тұжырымдама ауылдық аумақтардың географиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсуге бағытталған. Оның аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған. Айта кетейік, Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы қараша айында ҚР Президенті лауазымына кіріскеннен кейін осы Тұжырымдаманы әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойды. Құжатта «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында республика бойынша ауыл тұрғындарының 90%-ы өмір сүріп жатқан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылдық елді мекенді (АЕМ) кешенді жаңғыртуға баса назар аударылған. Мұндай елді мекендер адамдардың еңбек

етіп, өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау есебінен экономикалық өсудің жаңа нүктелеріне айналады.

Негізгі мақсаттардың бірі – ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталады, кең жолақты интернет және ғарыштық байланысы тартылады, ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары сияқты мәдени нысандар салынады, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады.

Тұрғын үй құрылысын жандандыру үшін жаңа жер учаскелеріне инженерлік коммуникацияларды жүргізу жұмыстары жалғасады. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындары жалпы алаңы 100 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50% мөлшерінде субсидияланатын бо-

лады. Ауылдық жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікті күшейту үшін заманауи учаскелік полиция пункттерін салу, аудан орталықтарында бейнебақылау жүйесін енгізу, ауылдарда жаяу жүргіншілер жолдары мен мал айдау аймақтарын белгілеу, шомылуға рұқсат етілген және жабдықталған орындар құру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Оған қоса шекаралас ауылдық елді мекендерді дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Атап айтқанда, инфрақұрылымды жаңарту мен негізгі қызметтерді қамтамасыз етудің арқасында халықтың елді мекендерден көшуін азайту, адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және жалпы шекара маңындағы аудандардың экономикалық дамуына жаңа серпін беру жоспарланып отыр. Ал еңбек тапшылығы бар өңірлердің шекаралас ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемеақы қосу мүмкіндігі қаралатын болады. Сонымен қатар тұжырымдама аясында топырақ құнарын жақсарту, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануға бақылауды күшейту, жаңа суармалы учаскелерді айналымға енгізу, су қоймаларын реконструкциялау және салу, өнімділікті арттыру, дақылдарды әртараптандыру және т.б. бойынша жүйелі шаралар көзделген.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру мәселесін агроөнеркәсіп өндірісін жандандыру, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы шешу жоспарланып отыр. Осылайша, шағын шаруашылықтарды біріктіру және ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру фермерлерге тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай материалдары, жем-шөп, агротехникалық және ветеринариялық қызметтер шығындарын қысқартуға, жер учаскелерін, ауыл шаруашылығы техникасын, ирригациялық және дренаждық жүйелерді бірлесіп пайдалану есебінен өндірілген өнім көлемін арттыруға, сондай-ақ делдалдарсыз тұрақты түрде тауар өткізіп отыруға мүмкіндік береді. Жалпы мұндай тәсіл бизнес-ортаны дамытуға

және ауылда нарық, көлік және логистика инфрақұрылымын қалыптастыруға ықпал етпек. Сонымен қатар қызмет бағыттарын кеңейту есебінен жаңа жұмыс орындары ашылып, жас кадрлардың тұрақтап қалуына жағдай жасалады.

«Ауыл аманаты» жобасы осындай құралдардың бірі болмақ, оның аясында жеке қосалқы шаруашылықтарға жылдық 2,5% мөлшерлеме бойынша жеңілдікпен шағын несие беру, сервистік-өткізу кооперативтерін қалыптастыру, техника, жабдық лизингі және т.б. қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ ауылда азық-түліктің негізгі түрлері бойынша импортты алмастыратын инвестициялық жобаларды қолдау жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша тәжірибесі қолданылмақ. Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы басқа да бірқатар іс-шараны көздейді, оның ішінде ауыл тұрғындарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту, жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсету, туризмді дамыту, экспортты ынталандыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. бар. Бұл туралы толығырақ Тұжырымдаманың өзінен оқуға болады.

Оны іске асыру нәтижесінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз ауыл халқының үлесі 5,8%-ға дейін, ал ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 4,2%-ға дейін төмендейді деп күтілуде. Сонымен қатар ауылдық елді мекендер сумен 100, интернетпен 97% қамтылады, сондай-ақ нормативтік жағдайы жақсы жергілікті жолдардың үлесі 95%-ға жеткізілмек. Ауылдық жерлерде 655 денсаулық сақтау нысаны, 183 мектеп және 100 спорт ғимараты пайдалануға беріледі. 650 мәдениет нысаны салынып, жөндеуден өткізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің ресми
ақпараттық ресурсы**

primeminister.kz

Электрондық почта: prigazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №15/41, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: prigazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.